BKT 2205 Бағалаудың критериалды технологиялары	Курста студенттер критериалды бағалау жүйесінің мазмұнымен, түрлерімен, тиімділігімен, критериалды бағалау технологиясының басты мақсатымен таныстырады. Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі мен артықшылықтары қарастырылады. Бағалаудағы өзін-өзі бағалаудың, кері байланыс жасаудың және Блум таксономиясы негізіндегі бағалау критерийлерінің маңыздылығы айқындалады. Бөлім бойынша жиынтық бағалау мен тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларымен танысады. Дескриптор арқылы бағалауды меңгереді.	ON 3 ON 4 ON 6 ON 8 ON 12 ON 13
KShOM 2202 Қоғамдық сананы жаңғыртудың өзекті мәселелері	Рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі-еліміздің әлеуметтік, саяси мен экономикалық жаңғыртуды қолға алып күн санап өзгеріп жатқан озық технологиялардың дамуы мен дүниетанымның өсуі негізінде заман ағымына қарай икемделуі. Білім алушы рухани жаңғырудың бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлік сақтау, білімнің салтанат құруы, сананың ашықтығы сияқты бағыттарын меңгере алады.	ON 1 ON3 ON13 ON14
TBK 1207 Тіл біліміне кіріспе	Тіл білімі туралы түсінік қалыптастырады. Тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысы, тілдің пайда болуы, тілдің таңбалық жүйесі, құрылымы, қызметі, тіл және ойлау, тіл білімінің негізгі салалары	ON 1 ON 10

	туралы мағлұмат беріледі. Тілдердің дамуы мен өзара байланысы, тіл және қоғам, тіл және жазу мәселелерін меңгереді. Тілдердің генеологиялық және типологиялық топтастырылуы жайлы мағлұмат беріледі.	ON 13
AK 1208 Әдебиеттануға кіріспе	Әдебиеттану ғылымы және оның салаларын, әдебиет және эстетика мәселесін, әдебиеттану ғылымының туу, даму және қалыптасу кезеңдерін, ағым-бағыттар, мектептердің көркемдік-эстетикалық ұстанымдарының мәнін ашу, әдебиеттанудың басты категорияларын саралау. Көркем шығарманың тақырыбы мен идеясын, сюжет пен композициясын, көркем образ түрлері мен оның жасалу жолдарын, шығарманың көркемдік табиғатын және суреткердің дербес стилін талдауды меңгеру.	ON 3 ON 9 ON 10 ON 13
OFD 1209 Оқушылардың физиологиялық дамуы	Оқушылардың физиологиялық дамуы пәні болашақ өсіп келе жатқан оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту, олардың оқу және дене процесстерін жақсарту. Студенттерге қоршаған ортаның абиотикалық және биотикалық факторлар әсері туралы ғылыми деректер негізінде жағдай мен өз денсаулығының қиындығын бағалауға мүмкіндік беру. Курста балалар мен жасөспірімдердің организміндегі тіршілік әрекеттерінің сандық және сапалық белгілері қарастырылады.	ON 5 ON 12
BA1211 Балалар әдебиеті	Балалар әдебиеті – әдебиетіміздің өскелең бір саласы. Оның өзіндік өсу, өркендеу жолдары бар. Балалар әдебиеті тәлім-тәрбие, білім беретін өмір оқулығына айналды. Бұл пәнді оқуда студенттер қазақ әдебиетіндегі балалар әдебиетінің даму тарихымен, кезеңдерімен танысады. Негізгі өкілдерінің өмірі мен шығармаларына шолу жасайды, шығармаларды талдауға дағдыланады. Қазіргі қазақ балалар әдебиетінің даму бағытына бағдар жасалынады.	ON 1 ON 8 ON 9 ON 10 ON12
MO 2206 Мәнерлеп оқу және шешендік өнер	Студенттерге шешендік өнерінің тарихын, шешендік өнердің өзге ғылым салаларымен байланысын, мәнерлеп оқу мен шешендік сөздердің маңыздылығын, шешендік сөздердің көркем тілдік сипатын, шешендік өнерді меңгерту жолдарын, мәнерлеп оқудың сипаты мен басты ерекшеліктерін меңгертеді. Сөйлеу техникасы мен әртүрлі жанрдағы шығармаларды оқуға машықтандырады. Шешендік сөздердің мәні, тіл мәдениеті мен әдеби норма мәселелері қарастырылады.	ON 2 ON 8 ON 10 ON 13
KD 1210 Қазақ диалектологиясы	Диалектологияның міндеті – жергілікті тіл ерекшеліктерін тексеру. Қазақ диалектологиясы қазақ тіліндегі говорлар мен диалектілерді зерттейді. Диалект – деген термин тілдегі жалпы халықтық сипат алмаған, белгілі бір жерде ғана қолданылатын ерекшеліктердің жиынтығын, өзіне ғана тән тілдік ерекшеліктері бар жекелеген аймақ, территорияны білдіреді. Бұл мағынада диалект халық не ұлт тілінің құрамды бөлігі болып табылады.	ON 1 ON 8 ON 10 ON 12
OP(F) 1212 Оқу практикасы (Фольклорлық)	Фольклорлық практиканың мақсаты – студенттердің халық ауыз әдебиеті пәнінен алған теориялық білімдерін іс жүзінде қолдануға дағдылануы. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, оларға талдау жүргізу. Фольклордың өзіндік табиғатын меңгереді. Қазақ фольклорының жекелеген нұсқалары, олардың поэтикасы туралы жан-жақты білімдерін толықтырады. Қазақ ауыз әдебиетінен теориялық білімдерін	ON 3 ON 8 ON 10 ON 13

	практикада қолдана білуді үйренеді.	ON 15
ОР(D) 1213 Оқу практикасы (Диалектологиялық)	<i>Диалектологиялық</i> оқу практикасы барысында студент жергілікті тілдік ерекшеліктерді жиюдың басты ерекшеліктерімен танысады. Диалектологиялық тәжірибе кезінде жергілікті ерекшеліктерді жинаудың әдіс-тәсілдері меңгеріледі. Жергілікті ерекшеліктерді жинау жұмыстары жүргізіледі, диалектілік жазбалар жасалынады. Студенттер диалектологиялық тәжірибеден өту барысында, өз білімдерін тиянақтайды, халық арасынан жергілікті тілдік материалдарды дұрыс тауып, тілдік қорымызды байыту үшін зор септігін тигізеді.	ON 3 ON 8 ON 10 ON 13 ON 15
IBB 3215 Инклюзивті білім беру	Инклюзивті білім беру дене бітіміне, психикалық, интеллектуалдық, мәдени, этникалық, тілдік және өзге ерекшеліктеріне қарамастан ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру кеңістігіне енгізуді, олардың сапалы білім беруде кедергілерді жоюды және әлеуметтік ортада бейімделуін және ықпалдасуын көздейді. Инклюзивті білім беруді оқыту процесінде енгізу бүгінгі таңдағы маңызды мәселелердің бірі.	ON 9 ON 10 ON 13
НАА 3214 Халық ауыз әдебиеті	Қазақ фольклорының қалыптасу, даму кезеңдері жайлы, қазақ фольклорының өзіндік ерекшеліктері, жанрлары туралы, қазақ фольклорының жекелеген нұсқалары мен олардың поэтикасын меңгереді. Қазақ халық ауыз әдебиеті мұраларының мәтінімен танысып, олардың идеялық-эстетикалық құндылықтары туралы өзіндік пікір қалыптастырады. Халық ауыз әдебиеті теориялық және практикалық тұрғыда жан-жақты талдана түсіндіріледі.	ON 4 ON 8 ON 10 ON 13
ТК 3216 Түркітануға кіріспе	Түркология – түркітөктес, түркі тілінде сөйлейтін халықтардың тілін, әдебиетін, тарихын, этнографиясын, рухани, мәдени құндылықтарын зерттейтін ғылым саласы. Түркітану ғылымының қалыптасуы мен дамуы, классификациясы, көне түркі жазба ескерткіштері, түркі тілдерінің өзара байланысы жайлы ақпараттармен таныстыру. Студенттерге түркі тілдерінің зерттелу тарихын, әрбір түркі тілінің өзіндік ерекшеліктері мен бүгінгі жай-күйі туралы түсінік қалыптастыру.	ON 1 ON 5 ON 6 ON 4 ON 8 ON 11
<b>БП циклы. Таңдау компоненті</b>		
<b>ККТFOA1217</b> <b>Қазақ тілінің</b> <b>фонетикасы және</b> <b>лексикологиясын оны</b>	Сауатты жазу мен дұрыс сөйлеу заңдылықтарының негізінде студенттерге тілдің дыбыстық жүйесінен, дауысты, дауыссыз дыбыстардан, қазақ тілінің дыбыстық құрамы мен ерекшеліктерінен, үндестік заңынан, орфоэпия мен орфографиядан, сонымен қатар қазақ тілінің фонетикалық даму заңдылықтары туралы теориялық тұрғыдан жүйелі білім беру.	ON 1 ON 11 ON 15

<b>оқыту әдістемесі</b>		
TD 1217 Латын әліпбиі және қазақ жазуының тарихы	Қазақ мәдени өмірінде қолданылған әліпби түрлері, емле ерекшеліктері, қазақ графикасы мен орфографиясының теориялық негіздері, емле ережелерінің уәжі, латын жазуының тарихы, қазіргі қазақ жазуының мәртебесі мен орны туралы білімдер жүйесін қалыптастырады; латын жазуы жайлы соңғы деректерді талдап, тұжырымдауға, пайымдауға дағдыландырады. Қазақ жазуының тарихын меңгере отырып, латын әліпбиіне көшудің маңыздылығына талдау жасайды.	ON 1 ON 11 ON 15
<b>EDA 1218 Ежелгі дәуір әдебиетінің тарихы</b>	Ежелгі дәуірде пайда болған әдеби мұраларды оқуға бағытталған. Ежелгі дәуір әдебиетіне б.з.д. VII–б.з. IX ғасырды және X–XII ғасырды қамтитын түрлі әдеби мұралар мен жазба ескерткіштер жатады. Ежелгі дәуір әдебиетінің «Тәңірлік дәуір әдебиеті», «Орта түркі дәуірі» (Қараханид кезеңі мен Алтын Орда кезеңі), «Ислам дәуіріндегі әдебиеті» деп аталатын кезеңдеріне шолу жасалынады.	ON 1 ON 5 ON 14 ON 15
KDA1218 Қарахан дәуір әдебиеті	Ежелгі дәуірдің X–XII ғасырлар тұсындағы, қарахандар әулеті дәуірлеп тұрған заманындағы Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік», Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ат-түрік» сынды шығармалар мен олардың басты ерекшеліктері қарастырылады. Құндылығы өте жоғары Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік», Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ат-түрік» атты еңбектеріне, әдеби-мәдени ескерткіштердің көркемдік табиғаты, поэтикасының тарихилық арналарына, эстетикалық таным жүйесіне шолу жасалынады.	ON 1 ON 5 ON 14 ON 15
<b>HAD 2219 Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет</b>	Студенттер хандық дәуір әдебиеті тарихының даму бағыттары мен көркемдік-идеялық, тақырыптық ерекшеліктеріне тоқталады. Жыраулық поэзияның қалыптасу, даму, кемелдену кезеңдерімен, өкілдері мен жыраулар поэзиясымен танысу. Қазтуған, Асан қайғы, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Тәтқара, Үмбетей, Ақтамберді, Бұқар сынды жыраулар шығармаларының тақырыбы мен идеясына бағдар жасау, жыраулар поэзиясының тілдік-стильдік және көркемдік табиғатын талдау жасау.	ON 1 ON 5 ON 14 ON 15
XVIII-XIX ғ. KA2219 XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиет	Бұл пәнде еліміздің тарихы көрініс тапқан XVIII—XIX ғасырлардағы жыраулар поэзиясы мен қазақ поэзиясының ақындық кезеңіндегі тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы қарастырылады. Жыраулар поэзиясы мен ақындық өнердің негізгі ерекшеліктері айқындалады. XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасыр басындағы қазақ халқының мәдениеті мен әдебиеті жаңа даму арнасына түскені белгілі.	ON 1 ON 5 ON 14 ON 15
<b>KDA3220 Кеңес дәуіріндегі әдебиет</b>	Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінде пайда болған жаңа бағыт, туындаған тың шығармалар, жазушылардың көркемдік-идеялық ізденістері, жаңа тақырыптың пайда болуы, кейіпкер бейнесін сомдаудағы жаңа ізденістерді меңгеру. Кеңес дәуіріндегі әдебиет өкілдерінің өмірі мен шығармашылығына талдау жасау.	ON 9 ON 10 ON 13
KKDK3220	Қазақ әдебиетінің өсіп-өркендеп, қанатын кеңге жайып, жан-жақты дамуындағы негізгі кезеңдердің	ON 9

Қазақ кеңестік өнердің дамуы	бірі-кеңес дәуірі екендігі анық. Сол кезеңдегі билік басында отырғандар зерттеушілердің назарын осы дәуірдегі әдебиеттің жандануына бұрып, солардың негізінде кеңестік заманның артықшылығын, осы мезгілдегі әдебиет дамуының жетістіктерін баса айтуға бағыттады.	ON 10 ON 13
<b>ККТМОА 3221</b> Қазақ тілінің морфологиясы және оны оқыту әдістемесі	Сөздің морфологиялық құрамы мен жасалу жолдары. Морфемалар мен жұрнақтар. Сөздің морфологиялық құрамы мен жасалу жолдары. Морфемалар мен жұрнақтар. Жұрнақтардың жалпы сипаттамасы. Жұрнақтардың құрамы. Жұрнақтардың мағыналары және қолданылу ерекшеліктері. Қазақ тілінің морфологиясы және оны оқыту әдістемесі меңгеріледі.	ON 1 ON 9 ON 10 ON 12 ON 13
MP 3221 Морфология практикумы	Қазіргі қазақ тілінің грамматика саласы бойынша кейбір өзекті мәселелерді қарастыру. Жалаң және күрделі сөздер. Морфологияның дамуына үлес қосқан ғалымдардың еңбектерімен таныстыру. Сөз формаларының жасалу тәсілдерін меңгерту.	ON 1 ON 9 ON 10 ON 12 ON 13
<b>XIX GBA 4222</b> XIX ғасыр қазақ әдебиеті	XIX ғасы әдеби даму заңдылықтарының басты ерекшеліктерін саралап көрсету, сол кезеңде өмір сүрген ақындардың мұраларын талдап зерделеу. Абай мектебі, Абай дәстүрі мен дүниетанымын талдау. XIX ғасырдың екінші жартысы мен соңына қарай әдебиет жаңа сипаттармен толысып, ұлттық сананың сара көрінісіне жол ашты. XIX ғасыр әдебиетінің зерттелуі қарастырылады.	ON 1 ON 5 ON 14 ON 15
<b>ТКА4222</b> XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті	XX ғасырдағы әдебиеттің тарихи және әдеби процестерін сипаттау. Жазушылар мен ақындардың стилінің ең маңызды ерекшеліктерін қарастыру. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің жай-күйі, тарихи жағдай, баспа мен баспасөздің дамуы, әдеби бағыттар туралы жалпы түсінік беру. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің тарихы, проза, поэзия, драма жанрларының дамуы, әдебиет теориясы мәселелері қарастырылады.	ON 1 ON 5 ON 14 ON 15
<b>КМІЛТ3223</b> Көркем мәтінді лингвистикалық талдау	Лингвистикалық және статистикалық талдаулар көркем шығарманы түсініп оқудың жоғары мәдениетін қалыптастыру. Көркем туындыны оймен сезім арқылы белсенді қабылдауға, оқырманды суреттермен бірге толғанып, көркем образды бірге сомдауға баулу. Сонымен қатар оқушының жалпы тілдік құбылыстарға серіктігін арттырады. Көркем шығарманы өнер туындысы ретінде қабылдап, эстетикалық сезім талғамының ұштасуына жәрдемдеседі.	ON 1 ON 3 ON 5 ON 11 ON 14
MS3223 Мәтін синтаксисі	Мәтін синтаксисі – жеке сөйлемдік түрлердің грамматикалық мағыналық байланысы. Тілдік бірліктердің мәтін ішіндегі қызметін көрсету, сол арқылы мәтін құрылымы мен мәтін түзілімінің,	ON 1 ON 3

	сондай-ақ мәтінді талдаудың үлгілерін көрсетуге болады. Микромәтіндер мен макромәтіндерге тән ерекшеліктер айқындау. Мәтінді айқындайтын басты белгілер, қазақ тіл білімінде мәтіннің қалыптасып даму бағыты жайлы мағлұматтарды меңгеру.	ON 5 ON 11 ON 14
<b>ККА 4224</b> <b>Қазіргі қазақ әдебиеті</b> <b>(1960-2000 ж.)</b>	Қазіргі қазақ әдебиетінің кезеңдерімен, мол кезеңдегі ақын-жазушылар шығармаларымен таныс болу. Сол кездегі басылымдардағы қазақ әдебиеті туралы көтерілген мәселелерді білу. Ақын-жазушылар шығармаларының құрылысы, тақырып пен идея сынды мәселелерге тоқталу. Қазіргі қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармаларының көркемдік ерекшеліктерін, ақын-жазушылар шеберлігін дәйектей білу. Қазақ ақындары мен жазушылары, олардың шығармашылықтары жөніндегі зертеулерге шолу жасай алу.	ON 3 ON 4 ON 8 ON 9 ON 13
TZhKA 4224 Тәуелсіз жылдардағы қазақ әдебиеті	Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ әдебиеті туралы түсінік қалыптатыру. Тәуелсіз жылдардағы қазақ әдебиетінде туындаған шығармалардың тақырыбы мен идеялық ерекшеліктеріне тоқталу. Тәуелсіздік жылдары дүниеге келген көркем шығармалардың табиғатына, әдеби бағыттар мен олардың басты өкілдерінің шығармаларына талдау жасау. Тәуелсіз жылдардағы қазақ әдебиетіндегі проза, поэзия, драматургия мен сын жанрларын, олардың өкілдерін жан-жақты қарастыру.	ON 3 ON 4 ON 8 ON 9 ON 13
<b>ККТСОА4225</b> <b>Қазақ тілінің синтаксисі</b> <b>және оны оқыту</b> <b>әдістемесі</b>	Тілдің синтаксистік жүйесін сипаттау. Қазіргі синтаксистік теорияның негізгі ережелерін, даму кезеңдерін және тұтастай алғанда тарихтағы рөлін бағалау; қазіргі заманғы оқулықтардағы қазақ тіліндегі синтаксис теориясының негізгі қиын мәселелерін қарастыру; тілдің синтаксистік деңгейінің негізгі ұғымдарын, жай және құрмалас сөйлемдерді саналы түрде білу дағдыларын дамыту.	ON 6 ON 7 ON 9 ON 11
KTZhTBO4225 Қазақ тілін инновациялық технология бойынша оқыту	Мектепте қазақ әдебиетін оқытудың инновациялық заманауи әдістер мен тәсілдерді оқу нәтижелеріне сай қолдануға үйрету. Оқытудың жаңа технологиялары туралы түсінік беру және қолданудың кезеңдерін бөліп қарастыру. Жаңа педагогикалық технология, ойын технологиясы, проблемалы оқыту технологиясы, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, деңгейлік саралау технологиясы, жекелеп оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы т.б. әдіс-тәсілдерді меңгерту.	ON 6 ON 7 ON 9 ON 11
<b>КАР 4226</b> <b>Қазіргі әдеби процесс</b>	Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиеті жаңаша шығармаларымен кең рухты туындыларымен толықты. Студент қазіргі кезеңдегі әдебиеттің дамуын рухани мәдени құндылықтарды ұлттық идея, ұлттық болмысты жаңа көзқарас жаңа дүние таным тұрғысынан саралауға үйренеді.	ON 9 ON 10 ON 13
КСС4226 Көркемдік сөз және стилистика	Стилистика әдеби нормадан ауытқымай, тілді тек дұрыс қолдануды үйретеді, әдеби тілдің стильдік сапасын, мәнерлегіштік қасиетін арттыру жолын көрсетеді. Стилистика жалпы халықтық тілдің ауызша және жазбаша формаларын, оның әр түрлі стильдерін зерттеп, олардың бір – бірінен	ON 9 ON 10 ON 13

	айырмашылықтары мен өзіндік ерекшеліктерін қарастырады.	
<b>ZhTB4227</b> <b>Жалпы тіл білімі</b>	Жалпы тіл білімі – лингвистиканың жалпы тілдік теориясы. Ол – бүкіл лингвистиканың бағыт-бағдарын белгілейтін ғылым. Бұл пәннің мақсаты – студенттерге теориялық лингвистиканың ең негізгі, өзекті мәселелерімен таныстыру.	ON 1 ON 3 ON 9 ON 10
OEZh4227 Орхон Енисей жазулары	Орхон, Енисей, Талас ескерткіштерінің тілдік тұрғыдан зерттелу деңгейін саралау. VІІ-ІХ ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілі мен қазіргі қыпшақ тілдерін моносиллабтық деңгейде салыстыра зерттеудің тарихи-лингвистикалық негізін көрсету.	ON 1 ON 3 ON 9 ON 10
<b>AT4228 Әдебиет теориясы</b>	Әдебиеттану ғылымының сөз өнерінің табиғатын, оның әдістері мен методологиясын, әдеби процесс, рухани-эстетикалық құндылықтар заңдылықтарын зерттейтін саласы. Әдебиет теориясы поэтикалық, прозалық және драмалық көркем шығармалардың табиғатын тануға қызмет етеді. Әдеби шығармашылық және әдебиет теориясының методологиясы. Әдебиет теориясы: әдебиеттің тектері. Әдеби жанрлар. Тілдің көркемдегіш тәсілдері. Әдебиет теориясындағы әдеби шығарма, орта және автор мәселелері.	ON 2 ON 6 ON 9 ON 10 ON15
KATmP4228 Көркем аударманың теориясы мен практикасы	Аударма туралы ғылымның тарихы. Аударма теориясының пәні, міндеттері және әдістері. Аударма мен түп-нұсқа тілдерінің байланысы бойынша аудармалар. Аударма түрлері: қысқартылған аударма, таңдап алынатын аударма, функционалдық аударма, толық аударма, дәлме-дәл аударма, семантикалық аударма. Аударма түрлерін таңдау үшін ұсынылатын ережелер. Аударманың салыстырмалы талдауы. Фразеологиялық бірліктердің аудармасы. Аударма тілдеріндегі сөздердің негізгі орын тәртібі.	ON 2 ON 6 ON 9 ON 10 ON15
<b>Кәсіптік пәндер циклы. ЖОО-компоненті</b>		
<b>КТОА 4301</b> <b>Қазақ тілін оқыту әдістемесі</b>	Қазақ тілін оқыту әдістемесінің зерттейтін басты нысаны оқушыларға тілді меңгерту болғандықтан, ол ең алдымен тіл біліміне арқа сүйейді. Өйткені мектепте қазақ тілі пәнінен өтілетін материал тіл білімі ғылымының негізінде белгіленеді. Яғни қазақ тілі пәнінің мектепте оқытылуы мазмұнын анықтау әдістемесінің міндеті болса, бұл міндетті шешуде ол тіл білімінің мағлұматтарына сүйенеді.	ON 1 ON 14
<b>КАОА 4302</b> <b>Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі</b>	Кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық-дағдыларды қалыптастыру. Студенттерге қазақ тілін оқыту процесінің ерекшеліктерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту. Кәсіби деңгейі жоғары, жан-жақты	ON 2 ON 8 ON 10

	дамыған, білім нәрімен сусындаған, теориялық білімі терең, практикалық дағдысы қалыптасқан маман даярлау.	
<b>PP(F) 2(3)03</b> <b>Педагогикалық практика</b>	Мамандық бойынша кәсіптік қызметінің түрлерін, олардың функциялары мен міндеттерін оқып зерттеу; теориялық білімдерді бекіту және бұл негізінде кәсіби машықтарды, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру; инновациялық технологияларды, еңбек пен өндірістің озық әдістерді меңгеру; ұйымдастырушылық және кәсіптік тәжірибені игеру; командалық жұмыстың, басқарудың корпоративтік қағидалары құзыретінің дағдыларын игеру; өз бетінше өз қызметті жоспарлау.	ON 4 ON 6 ON 11 ON 15
<b>MPP 4304</b> <b>Өндірістік практика (сала бойынша)</b>	Кәсіптік тәжірибе – бұл жоғары білікті кәсіптік мамандар дайындау жүйесінің жетекші элементіне кіреді: - тәжірибелік білімді және машықты академиялық білімдерін ауыстыруға; - кәсіптік-өндірістік қызмет саласына болашақ мамандарды бейімдеу; - жеке патенциалын өзіндік тарату және кәсіптік мүдделерін тереңдету және жеке бағыттығы;	ON 2 ON 5 ON 13
<b>Кәсіптік пәндер циклы. Таңдау компоненті</b>		
<b>Sti 3305</b> Қазақ тілінің стилистикасы	Стилистика тіл ғылымының барлық саласын қамтиды: прагматик. факторды толық есепке алып отырады; тілдік емес ғылымдардың тиімді жақтарын саралайды; Стилистикада тілдік емес факторлардың қызметі стиль түзуге толық мүмкіндік алады; стилистикалық норманы қалыптастырады. Стилистика тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық принциптерін ретке келтіріп қана қоймай, тілдік бірліктер қызметін жүзеге асырушы экстралингвистикадық және стилистикалық мүмкіндіктерді қарастырады.	ON 1 ON 5 ON 9 ON 10 ON 13
KAS3305 Көркем әдебиет стилистикасы	Көркем әдебиет стилі – ойды және сезімді образ арқылы бейнелейтін айрықша өнер Жазушының стилі – көркем шығарма жазу үстінде қалыптасатын әр жазушының өзіндік мәнері, сөз қолдану тәсілдері. Жазушының стиль ерекшелігі, оның өзінің, өмір тануына, шығармасының идеялық мазмұнына сай жалпы халықтық тіл қазынасын меңгеріп, оны қалай қолданғандығынан байқалады. Ақын-жазушылардың өзіндік стиль ерекшеліктері, жазу мәнері қарастырылады.	ON 1 ON 5 ON 9 ON 10 ON 13
<b>KAST3307</b> <b>Қазақ әдебиетінің сын тарихы</b>	Қазақ әдеби сынының тарихы. Қазақ әдебиеттану тарихының даму тенденциялары. В. Уәлихановтың қазақ әдебиеті туралы және өлеңнің теориясы туралы алғашқы талдауы. Алаш зиялыларының әдеби-сыни еңбектері. А. Байтұрсынұовтың еңбектері. «Қазақ» газеті, «Айқап» журналы. Сыни ойларды дамытудағы олардың жазбалары. Кеңес дәуіріндегі әдеби сындарды қалыптастыру. Қазіргі қазақ әдебиеті сынының даму бағыты.	ON 5 ON 12
Zh-SZhKA3307 Қазақ драматургиясының	Драма жанрына сюжеттік-композициялық талдау жасауды, әдеби тілді құбылту мен айшықтауларды салыстыруды, шығарманың көркемдік құндылығын бағалауды, мәтінді интерпретациялауды	ON 5 ON 12



дамуы	практикада дұрыс қолдануды үйрету. Драмалық шығармалардың идеялық-көркемдік ерекшеліктерін айқындай келе, драмалық шығармаларды сыни тұрғыдан талдауға, баға беріледі. Қазақ әдебиетінде драма жанрының пайда болуы мен қалыптасуын, даму бағытын меңгеру.	
<b>Абі3306</b> <b>Абайтану</b>	Қазақ әдебиеттану ғылымында ұлы ғұламаның әдеби мұрасын танытудың іргелі саласы қаланғандығы. Абайдың өмірі мен шығармашылығы төңірегінде алған білімдерін одан әрі тереңдете түсіп, ақын өлеңдерін, қарасөздерін, поэмаларын және көркем аудармаларын талдату барысында ақын шығармаларының даналық тағылымын игертуді мақсат етеді.	ON 4 ON 11 ON 15
Sh3306 Шәкәрімтану	Қазақ әдебиетінің дамуына үлес қосқан ойшыл философ, аудармашы, сазгер Шәкәрім Құдайбердиевтің шығармаларын оқыту, көркемдік ерекшелігін ұғындыру, ақын жырдарындағы жан мен тән ұғымы, поэмаларындағы философиялық тереңдікті, еңбектеріндегі ойшылдықты үйретеді.	ON 4 ON 11 ON 15
<b>ShAT3308</b> <b>Шетел әдебиетінің тарихы</b>	Антикалық дәуірдегі әдебиет. Алғашқы таптық мемлекеттің пайда болуы дәуіріндегі әдебиет (б.з.б. VII-VI ғ.ғ.). Грек әдебиетінің антикалық дәуірі. Рим әдебиетінің ежелгі дәуірі. Республика дәуіріндегі рим әдебиеті. Ерте орта ғасырлар әдебиеті. Феодалдық дәуірдегі батырлық эпос. XII-XIII ғасырлардағы серілік әдебиет. Орта ғасырлардағы қалалық әдебиет. Қайта өрлеу дәуіріндегі әдебиет. XVII ғасырдағы ағылшын әдебиеті. XVIII ғасырдағы итальян, неміс, испан әдебиеттері. XVIII ғасырлардағы ағылшын әдебиеті.	ON 3 ON 5 ON 9 ON 12 ON 15
KODA3308 Қайтар өрлеу дәуіріндегі әдебиет	Батыс және Орталық Еуропа елдері мәдениеті тарихындағы орта ғасырлық мәдениеттен жаңа заман мәдениетіне өту дәуірі. Бәрінен бұрын адам көзқарасындағы төңкеріс Италияда басталды (14-16 ғасыр, шамамен айтқанда, басқа елдерде 15-16 ғасырлардың соңы). Қайта өрлеу дәуірінің мәдениетінің негізгі ерекшеліктері – шынайылық, гуманистік дүниетаным (гуманизм қысқасы), көне мәдени мұраларға ден қою, оны қайта «көркейту». Қайта өрлеу адамдарына шіркеулік мораль, феодалдық қатынастар, орта ғасырлық дәстүрлер тарлық ете бастады. Олар өздерін қоршаған табиғат дүниесін басқаша көретін болды, оны пайымдап бағалауы, эстетикалық талғамы, шындық пен өткенге деген көзқарасы өзгерді.	ON 3 ON 5 ON 9 ON 12 ON 15
<b>КТТГ4309</b> <b>Қазақ тілінің тарихи грамматикасы</b>	Тілдің грамматикалық құрылысын танып, оның негізгі ерекшеліктері мен заңдылықтарын анықтауда оған тән басты-басты грамматикалық ұғымдарды, олардың сипатын айқындап алу қажет. Өйткені тілдің граммат. құрылысындағы белгілі жүйелер, заңдылықтар, атап айтқанда тілдегі сөздердің белгілі бір ортақ грамматикалық қасиеттері арқылы топ-топқа белінуі, сөйлеуде сол сөздердің бір-бірімен байланысқа түсуі, сөйлем құрап, белгілі бір қызмет атқаруы негізгі грамматикалық ұғымдармен сипаттап ады.	ON 6 ON 10 ON 14
ТТ4309 Тіл тарихы	Бұл пәнде тілдердің жалпы даму тарихы баяндалады. Тілдер қалай қалыптасып, қалай жойылады, олардың тағдыры неліктен әрқилы деген мәселе, түптеп келгенде, тілдерді қолданатын халықтың тіршілігімен тікелей байланысты. Былайша айтқанда, тіл мен тарих – бір-бірімен сабақтаса байланысқан егіз құбылыс. Демек, тарихи оқиғалар да халықтың сөйлеу тіліне байланысты өрбиді.	ON 6 ON 10 ON 14

<b>I-траектория. Аударма ісі</b>		
<b>SG4310</b> <b>Салыстырмалы грамматика</b>	Салыстырмалы грамматика - бұл, ең алдымен, тілдердің немесе диалектілердің грамматикалық құрылымдарын талдау және салыстыру мәселелерімен байланысты лингвистика саласы . Бұл пәнді оқуда студенттер тілдердің грамматикалық құрылымын салыстыруда талдаудың негізгі бағыттарын, тілдерді салыстыру-салғастырудың әдіс-тәсілдерін, тілдерді салыстыра қарастырудың ұстанымдарын, түркі тілдерінің генеалогиялық және типологиялық сипатын меңгереді.	ON 3 ON 9 ON 11 ON14
KOTSG4310 Қазақ-орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы	Қазақ және орыс тілдерін генеалогиялық жақтан алғанда, әр түрлі тілдік топтарға жатады: қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына, орыс тілі индоеуропа тілдерінің шығыс славян тобына жатады. Пәнді оқу мақсаты қазақ, орыс тілдерінің грамматикалық құрылысындағы ерекшеліктер мен заңдылықтарымен таныстыру. Қазақ тілінің қалыптасуындағы ерекшеліктер. Орыс тілінің қалыптасуындағы ерекшеліктер. Қазақ, орыс тілдерінің құрылымдық ерекшеліктері қарастырылады.	ON 3 ON 9 ON 11 ON14
<b>ATA3311</b> <b>Аударма теориясы мен әдістемесі</b>	Болашақ аудармашы мамандарды аударманың лингвистикалық теориясының негізгі қағидаларымен таныстыру. Аударма ғылымы және оның қалыптасуы туралы зерттеулер. Аударма теориясының зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеттері. Аударма және оның тарихы, теориясы мен тәжірибесі жайында жазылған ғылыми жұмыстарға шолу.	ON1 ON 3 ON 5 ON 7 ON9 ON10
ТBT3311 Тіл білімінің тарихы	«Тіл білімінің тарихы » курсының басты мақсаты – студенттерді тіл туралы ғылымның негізімен таныстырады. Тіл туралы ғылымның алғашқы кіріспесі болып табылатын бұл курста тіл теориясын атап айтқанда тілдің ішкі, құрылымы және оның ойлаумен, қоғаммен, қоғам дамуының тарихымен, тілдің функциональдық және құрылымдық баламалармен байланысы және т.б. мәселелер қарастырылады.	ON1 ON 3 ON 5 ON 7 ON9 ON10
SZh 3312 Сөздікпен жұмыс жасау әдістемесі	Сөздік жұмысы – тіл дамытудың іргетасы, оқушыны жаңа сөздер үйренуде, бұрын білетін немесе түсінбейтін сөздердің мағынасын анықтауда маңызы зор. Сондай-ақ сөздік жұмысы сөйлем құрауға материал береді, сөздерді байланыстырып сөйлеуге, әңгіме айтуға, шығарма жазуға көмектеседі. Сөздік жұмысы арқылы оқушылардың тілі мен ойлауын дамытудың жолдарын меңгереді. Сөздіктің түрлері және олармен жұмыс жасауды үйренеді.	ON 3 ON 9 ON 10 ON 12

<p>SDZh3312 Сөзжасамның даму жолдары</p>	<p>Сөзжасамның тіл білімінің дербес саласы екені, қазақ тіл білімінде сөзжасамның дербес сала болып танылуы. Сөзжасамның қалыптасу, даму кезеңдерімен танысу. сөзжасам мәселелерінен толық мағлұмат беру; туынды сөздердің ішкі мағыналық құрылымын анықтау; түбір сөздің шығу төркінін айқындау, сөз таптарының сөзжасамдық ерекшеліктерін таныту; сөзжасамдық талдау, морфемдік талдау, этимологиялық талдауға үйретіп, жаттықтыру, дағдыландыру.</p>	<p>ON 3 ON 9 ON 10 ON 12</p>
<p><b>2-траектория: Журналистика</b></p>		
<p>Me3310 Медиасауаттық</p>	<p>Медиасауаттылық, нақтырақ айтсақ медиалық және ақпараттық сауаттылық, қазіргі уақытта трендтегі пәннен ең қажетті, ең өзекті пәнге айналып отыр. Бұл пән медиасауаттық және жалған ақпаратпен күресудің жолдарын көрсетеді. Медиасауаттық және ақпараттық гигиена, медиасауаттық және мәдениет аралық коммуникация, сыни ойлауды қалыптасыру дағдыларын қарастырады.</p>	<p>ON10 ON12 ON13</p>
<p>KZhT3310 Қазақ жазуының тарихы</p>	<p>Жазуының теориялық негіздері, жазудың маңызы мен қызметі, жазудың жалпы даму тарихы мен қазақ жазуының тарихы, жазу мен ойлау мәселелерін меңгереді. Қазақ жазу таңбалары жүйесінің тарихы, ұлттық кезеңге дейінгі қазақ жазуы, араб графикасы мен латын графикасына көшу тарихы, латын графикасына байланысты пікірталастар, орыс графикасына негізделген әліпби және оның қайшылықтары қарастырылады.</p>	<p>ON10 ON12 ON13</p>
<p>TM3311 Телеэкран мәдениеті</p>	<p>БАҚ тілдің таралуына, халықтың сауаттылығын арттыруда маңызды рөл атқарады. Тілге құрметпен қарауды қалыптастыру бойынша көп жұмыстар жасалып жатқанымен әлі күнге га зеттерде қателер көп, ал теледидар экранынан үлгілі деп айтарлықтай емес сөздерді етуге болады. Жастардың теледидарға деген ынтасын, жастардың теледидарды «пір» тұтуын ексере отырып, БАҚ тілге байыппен қарауы керек.</p>	<p>ON2 ON4 ON7 ON14</p>
<p>KZhT3311 Каллиграфия және жазу техникасы</p>	<p>Каллиграфия тарихы қаріп және жазу құралдары, стилистика өнері дамуы тарихымен тығыз байланысты. Каллиграфия оқуға қолайлы ғана емес, сонымен қатар хатқа графикалық эмоционалды-бейнелі ұғым беру мақсатын көздейді. Каллиграфия стилі қашықтан оқуға мүмкіндік беретін таңбаларының анық болуына, шапшаң жазылатын курсивке немесе оқуға қиын, бірақ сәнді өрнекке бейім болып келеді.</p>	<p>ON2 ON4 ON7 ON14</p>
<p>ZhSM 3312 Журналистің сөйлеу мәдениеті</p>	<p>Бұл пән ауызша сөйлеу мәдениеті мен дыбыс тілінің тікелей байланыстылығын, сөз қолдану мәдениеті мен жазу мәдениетінің байланысы мен оған қойылатын талаптарды, тіл тазалығы, сөз жатықтығы, әдеби тіл нормалары, сөз дәлдігі, сөз байлығы, сөз әсерлігі, ұлттық мәдениет және</p>	<p>ON2 ON10 ON13</p>

	баспасөз мәселелесін қарастырып, студенттерді практикалық тұрғыда дұрыс сөйлеу мәдениетіне үретеді.	
ZhKR 3312 Журналистиканың қоғамдағы ролі	Журналистердің басқалар сияқты кәсіпке байланысты тілдері мен көркем сөздерінің жиынтығы бар, олар сөздің тиімділігімен ерекшеленеді, айтатындарын нақты стилдер жүйесінде халыққа жариялап отырады. Сондықтан мамандықтың ішінде журналистер - ерекше публицистикалық стилді, көпшілікке бағытталған, сөз өлшемі мен мәнерді қатар тұтқан, ақпаратты халыққа көзбен көргендей жеткізіп, авторлық және қоғамдық - әлеуметтік мәселелерді шынайы түрде қозғай алатын мамандар.	ON2 ON10 ON13

Ф-19-06/08

## 2. ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ӘДІС ТӘСІЛДЕРІ

Семестр		1 семестр	2 семестр	3 семестр	4 семестр	5 семестр	6 семестр	7 семестр	8 семестр	9 семестр	Барлығы
Теориялық оқыту		30 кр	30 кр	30 кр	30 кр	30 кр	30 кр	20 кр	20 кр	20 кр	240 кр
		15 апта	15 апта	15 апта	15 апта	15 апта	15 апта	10 апта	10 апта		110 апта
Сессия		3 апта	3 апта	3 апта	3 апта	3 апта	3 апта	2 апта	2 апта		22 апта
Кәсіби практика	Оқу-дала		/2 кр								2 кр
	Педагогикалық (үздіксіз)				/2 кр	/3 кр	/3 кр				8 кр
	Өндірістік (кәсіби)/дипломалды практика									8 кр	8 кр
Жалпы			/2 апта		/2 апта	/3 апта	/3 апта			8 апта	8 апта /10 апта
Қорытынды аттестация										12 кр	12 кр
										7 апта	7 апта
Демалыс		4 апта	12 апта	4 апта	12 апта	4 апта	12 апта	1 апта	1 апта		50 апта

Семестр	30 кр	30 кр	30 кр	30 кр	30 кр	30 кр	20 кр	20 кр	20 кр	240 кр
	22 апта	30 апта	22 апта	30 апта	22 апта	30 апта	13 апта	13 апта	15 апта	197 апта
Оқу жылы	60 кр		60 кр		60 кр		60 кр			240 кр
	52 апта		52 апта		52 апта		41 апта			197 апта

Ф-19-06/09

Технологиялық карта

№	Оқыту нәтижелері	Оқыту формалары	Оқытушы әрекеті (әдісі)	Білім алушы әрекеті (әдісі)	Бақылау формалары	Меңгеру нәтижесі
1	ON1 ON2 ON3 ON4 ON5 ON6 ON7 ON8 ON9 ON10 ON11 ON12 ON13	1.Лекция. 2.Семинар. 3.Практикалық курс бойынша семинар. 4.Практикалық жұмыстар. 5.Оқытушы басшылығымен жұмыс. 6.Өзіндік жұмыс. 7.Өндірістік практика. 8.Тәжірибелік зерттеулер. 9.Жоба бойынша жұмыстар.	1. Кеңес беру. 2.Практикалық сабақтар.	1. IT әдісі; кітапханадан, Интернет желісіндегі материалдарды іздеу. 2.Әдебиеттерді шолу. 3. Кәсіби дағдыларға жаттығу. 4. Қажетті зерттеулер жүргізу және эссе, т.б. жазу.	1. Тест (психологиялық тест). 2. Емтихан. 3. Презентация. 4. Талдау (мәтінді және басқа да мәліметтерді). 5. Эссе. 6. Практика тапсырмалар 7. Жұмыс нәтижелерін қорғау.	<b>Білім:</b> - білу; - түсіну; - қолдану; - талдау; - бағалау; - жинақтау.

	ON 14 ON 15					
--	----------------	--	--	--	--	--

Ф-19-06/10

Оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

Денгейле р	Критерийлер				
	90-100 (A; A-)	70-89 (B+; B; B-;C+)	50-69 (C;C-; D+; D-)	FX(25-49)	F (0-24)
<b>Білу</b>	білім алушы меңгерілген оқу материалдарын есте сақтағанын және оны қайта айтып беретінін көрсетеді.	білім алушы меңгерілген оқу материалдарын есте сақтағанын толықтай көрсете алмайды.	білім алушы меңгерілген оқу материалдарын шектеулі есте сақтағанын көрсетеді.	білім алушы меңгерілген оқу материалдарын өте аз мөлшерде есте сақтағанын көрсетеді.	білім алушы меңгерілген оқу материалдарын мүлде есте сақтамағанын көрсетеді.
<b>Түсіну</b>	білім алушы оқу материалдарын толық түсінгендігін көрсетеді.	білім алушы оқу материалдарын аз мөлшерде түсінгендігін көрсетеді.	білім алушы оқу материалдарын шектеулі/жартылай түсінгендігі туралы мағлұмат береді.	білім алушы оқу материалдарын толықтай түсінбегендігі туралы мағлұмат береді.	білім алушы оқу материалдарын мүлде түсінбегендігі туралы мағлұмат береді.
<b>Қолдану</b>	оқу материалын түсінумен оны жаңа	оқу материалын түсінумен жаңа	оқу материалын шектеулі/шала түсінумен	оқу материалын шектеулі түсінумен	оқу материалын оны жаңа жағдаяттарда

	жағдаяттарда пайдалануды толық көрсетеді.	жағдаяттарда оны толық пайдалана алмайтынын көрсетеді.	жаңа жағдаяттарда оны толық пайдалана алмайтынын көрсетеді.	оны жаңа жағдаяттарда толықтай пайдалана алмайтынын көрсетеді.	мүлдем пайдалана алмайтынын көрсетеді.
<b>Талдау</b>	оқу материалын/тапсырманы талдауды толық көрсете алады (негізгі идеяларды, астарлы мағынаны ажыратады, жүйе құраушыны талдайды, т.с.с.)	оқу материалын/тапсырманы аз ғана қателіктермен талдай алатынын көрсетеді (негізгі идеяларды, астарлы мағынаны ажыратады, жүйе құраушыны талдайды, т.с.с.)	оқу материалын/тапсырманы шектеулі/жартылай талдай алатынын көрсетеді (негізгі идеяларды, астарлы мағынаны ажыратады, жүйе құраушыны талдайды, т.с.с.)	оқу материалын/тапсырманы толықтай талдай алмайтынын көрсетеді (негізгі идеяларды, астарлы мағынаны ажыратады, жүйе құраушыны талдайды, т.с.с.)	оқу материалын/тапсырманы мүлдем талдай алмайтынын көрсетеді.
<b>Бағалау</b>	оқу материалын/тапсырманы берілген критерийлерге қатысты, өзінің жеке критерийлері т.б. жағынан толықтай бағалауды көрсетеді.	оқу материалын/тапсырманы берілген критерийлерге қатысты, өзінің жеке критерийлері т.б. жағынан аз ғана қателіктермен бағалай алатынын көрсетеді.	оқу материалын/тапсырманы берілген критерийлерге қатысты, өзінің жеке критерийлері т.б. жағынан шектеулі/жартылай бағалай алатынын көрсетеді.	оқу материалын/тапсырманы берілген критерийлерге қатысты, өзінің жеке критерийлері т.б. жағынан толықтай бағалай алмайтынын көрсетеді.	оқу материалын/тапсырманы берілген критерийлерге қатысты, өзінің жеке критерийлері т.б. жағынан мүлдем бағалай алмайтынын көрсетеді.
<b>Құрастыру</b>	оқу материалын/тапсырманы орындауда шешу жоспарын (жаңа мазмұн, модель, құрылым, т.с.с.) құрастыруды толық көрсетеді.	оқу материалын/тапсырманы орындауда шешу жоспарын (жаңа мазмұн, модель, құрылым, т.с.с.) аз ғана қателіктермен құрастыра алатынын көрсетеді.	оқу материалын/тапсырманы орындауда шешу жоспарын (жаңа мазмұн, модель, құрылым, т.с.с.) шектеулі/жартылай құрастыратынын көрсетеді.	оқу материалын/тапсырманы орындауда шешу жоспарын (жаңа мазмұн, модель, құрылым, т.с.с.) толықтай құрастыра алмайтынын көрсетеді.	оқу материалын/тапсырманы орындауда шешу жоспарын мүлдем құрастыра алмайтынын көрсетеді.

## КЕЛІСУ, САРАПТАУ ПАРАҒЫ

Білім беру бағдарламасы кафедра мәжілістерде қаралып, бекітуге ұсынылды  
«Филология» кафедрасының мәжілісінде талқыланды.  
Хаттама № \_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» 2023ж.

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Г.А.Белгибаева  
(қолы)

Педагогикалық ғылымдар факультетінің оқу-әдістемелік кеңесінде талқыланып,  
қаралды. Хаттама № \_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» 2023ж.

Факультет деканы \_\_\_\_\_ Д.Ж.Джанабаев  
(қолы)

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде қаралды.  
Хаттама № \_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» 2023ж

Кеңес төрайымы \_\_\_\_\_ А.А.Керимбекова  
(қолы)

## ЭКСПЕРТТЕР

№	Аты-жөні, тегі	Қызметі	Қолы/мөрі	Байланыс деректері
1.	Халықова Сатыбалдықызы	Нурилы ОҚМПУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, ф.ғ.к.		8-701-762-3333
2.	Нысанбаева Жанар Тастановна	С.Ерубасев атындағы №24 мектеп - лицей директоры		8-778-302-0024



